


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Дәуіт – патша (2 Бөлім)



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Дәуіт Израилдің оңтүстігіндегі
Яһудеяның патшасы
болды. Бірақ Израилдің
қалған рулары
Саулдың ұлы
Ишбосетті патша
ретінде
қабылдады.
Азаматтық
соғыс жеті
жылға созылды.
Бірақ Дәуіт
күшейген үстіне
күшейе берді.



2

Ақырында Ишбосетті өзінің екі жасақшысы өлтіріп тастады.




3

Сонда Израилдің барлық рулары Дәуітке келіп, оны Израилдің үстінен патшалыққа майлады. Ақыр соңында Дәуіт бүкіл халықтың патшасы болды.



4

Дәуіт патшаның бірінші іске асырғаны – Иерусалимді басып алды. Ол Дәуіттің Қаласы ретінде белгілі болды. Ол оны жауларға қарсы қамал етіп өзгертіп салды. Иерусалимнен Дәуіттің әскері філістірлер мен Израилдің басқа жауларын бағындыруға аттанды.



5

Сосын Дәуіт патша Құдайдың Келісім сандығын Иерусалимге әкелді. Құдайдың Келісім сандығында он өсиет пен Мұсаға Құдай берген басқа заңдардың көшірмесі болды. Келісім сандығы израилдіктерге Құдайдың киелілігі мен олардың Оған бағынулары қажеттігін еске салатын.



6

Дәуітке өзінің билік еткен алғашқы жылдарында көптеген шайқастарға қатысуына тура келді. Ол Құдайдың жетекшілігі туралы сиынатын дана әрі кішіпейіл сарбаз болды.




7

Дәуітті мазасыздандырған нәрсе – оның өзінің тұра алатын жақсы үйі бар, ал Құдайдың Келісім сандығы шатырда ғана тұр. Дәуіт ғибадатхана салуға шешім қабылдады. Натан, Құдайдың пайғамбары, оған алға жүре беруді айтқан.



8



Сол түні Құдай Дәуітке хабаржолдады: «Менің қызметшім Дәуіт, Жаратқан Ие саған үй салады. Сенің күндерің


толып, сен өз ата-бабаларыңмен демалған кезде, Мен сенің балаңды сенен кейінгі патша етем. Ол Менің атыма арнап үй салады, ал Мен оның патшалығының тағын мәңгілікке бекітем».

9

Дәуіт Саулдың әулетінің тірі қалған мүшелеріне көмектескісі келді. Ол тек Жонатанның екі аяғы майып боп қалған ұлы Мепібосетті ғана тауып алды. «Ол менің дастарқанымнан патшаның ұлдарының бірі сияқты тамақтанатын болады», – деді Дәуіт. Дәуіт Мепібосетке мейірімді болды, себебі Жонатан оның ең жақын досы еді.



10



Дәуіт Құдайға сенім артып, Оған бағынған кезде, Құдай Дәуіттің өркендеуіне көмектесті. Бірақ бірде Дәуіттің өмірінде бір сұмдық жағдай болды. Ол өзінің әскерін шайқасуға жіберді, ал өзі Иерусалимде қалып қойды. Бір күні түнде ол ұйықтай алмады. Сондықтан ол өзінің сарайының төбесіне көтеріліп, қалаға қарады.

11

Дәуіт шомылып жүрген әдемі әйелді көрді. Оның аты Барсабия еді. Барсабияның күйеуі Ұрия Дәуіттің ержүрек сарбаздарының бірі болса да, Дәуіт оның әйелімен күнә жасады. Ал кейінірек Барсабия Дәуітке өзінен бала табатынын айтқан кезде, Дәуіт өз күнәсінің одан да бетер қиындықтар тудыратынын түсінді.



12



Құдай алдында күнәсін мойындап тәубе етудің орнына Дәуіт өзінің күнәсін жасыруға тырысты. Бұл ешқашан да іске аспайды! Ол Ұрияны шайқас даласынан үйіне шақыртып алды, осылайша Ұрия болашақ нәресте өзінікі деп ойлайды деген үміті болды. Бірақ Ұрия өзінің серіктері майданда болған кезде, үйінде тұрғысы келмеді. Ұрия патшаның сарайының кіреберісінде түнеді.

13

Енді Дәуіт бұрынғыдан бетер жауыз әрекетке басты. Ол Ұриядан майдан даласына хат беріп жіберді. Хатта қолбасшыға Ұрияның шайқаста қаза табуын қамтамасыз ету тапсырылды. Ұрия қайтыс болған кезде, Дәуіт Барсабияны әйел етіп алды.



14

Құдай Өзінің қызметшісі Натанды Дәуіттің күнәсін көрсетуге жіберді. Натан Дәуітке бай адам мен өте кедей адам туралы әңгіме айтып берді. Байдың

жүздеген қойлары болды. Бірақ жарлының жалғыз кішкентай қозысы болды, ол оны қызындай жақсы көретін.




15

Бай адамның үйіне жолаушы келген кезде, оны тамақтандыру үшін бай өзінің қойларының бірін де соймады. Оның орнына ол жарлының қозысын алып сойып тастады.



16

Дәуіт байдың өзімшілдігіне қатты ашуланды. Ол: «Осыны істеген адам міндетті түрде өледі», – деді.



17

«Сен – сол еркексің!» – деді батыл Натан Дәуітке. Дәуіттің істегені осы әңгімедегі байдың әрекетінен де жаман болатын.



18

Құдай Дәуітке оның қандай зұлым болғанын көрсетті. Сонда Дәуіт өзінің күнәсі үшін тәубе етті. Ол Құдайға:

«Мен Саған қарсы күнә жасадым және осы зұлымдықты жасадым», – деді. Сөйтіп Құдай Дәуіттің күнәсін кешірді. Бірақ Барсабияның нәрестесі ауру болып, туғанына көп уақыт өтпей шетінеп кетті.



19

Құдай Дәуітті сұмдық күнәсі үшін кешірді. Содан кейін Барсабияның тағы бір баласы, Дәуіттен кейін ұлы патша болуға тиісті Сүлеймен, дүниеге келді. Бірақ Дәуіт патшаның көп баласы болды, олардың кейбіреулері оған үлкен уайым әкелді.



20

Дәуіт – патша (2 Бөлім)

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

2 Патшалық 1-12

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

21

21

60

22



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

23